

ҚАУЛЫ


2021 жылғы 7 сәуір

Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 223

город Шымкент



Шымкент қаласы білім басқармасының кейбір мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы


Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45-бабы 1-бөлігіне және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабы 6) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 65-бабы 3-тармағына және Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш.Мұқанның 2021 жылғы 22 ақпандағы №10-13-06-08/010 қызметтік хатына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы білім басқармасының мынадай кейбір мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындары:

1) Шымкент қаласы білім басқармасының №89 «Шамшырақ» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Шымкент қаласы білім басқармасының №36 «Ерке-Наз» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына;

2) Шымкент қаласы білім басқармасының №63 «Айсұлу» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Шымкент қаласы білім басқармасының №56 «Тұлпар» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Шымкент қаласы білім басқармасының №89 «Шамшырақ» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының құқықтық мирасқоры, Шымкент қаласы білім басқармасының №36 «Ерке-Наз» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны және Шымкент қаласы білім басқармасының №63 «Айсұлу» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының құқықтық мирасқоры Шымкент қаласы білім басқармасының №56 «Тұлпар» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып белгіленсін.




3. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген кейбір мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорндарының арасындағы өткізу актілері осы қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

4. «Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарды біріктіру жолымен қайта құру туралы» Шымкент қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 4 ақпандағы №65 қаулысының күші жойылсын.

5. «Шымкент қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ж.Тажиева қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы қаулыдан туындайтын барлық шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш.Мұқанға жүктелсін.

Шымкент қаласының әкімі



М. Әйтемов